

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім болімінің
«Балапан» бебекшай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**



**Тақырыбы: «Үй-жайларда қимылды ойындарды, спорттық
жаттығуларды үйымдастыру»**

**Дене шынықтыру
Жетекшісі:
Секербекова Ж**

**Құлан ауылы
2024 - 2025 оку жылы**

«Үй-жайларда кимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды үйімдастыру»

Ойын мектепке дейінгі балалар үшін қызықты шаруа бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Ойында басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды. Ойынды ақыл-ой адамгершілік, эстетикалық және дene тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын бала үшін нағыз өмір. Мектепке дейінгі сәбілер әлі ойнай білмейді. Нәк сондықтанда тәрбиеші ойынды үйімдастыра жүріп, оларды ойнауга үйретеді. Қимылды ойындар алдымен балаға дene тәрбиесін беру құралы. Олар балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелу, лақтыру, қағып алу т.б. жаттықтыру, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Алуан түрлі қимылдар ірі және майда бүлшық еттердің белсенді әрекеттенуін талап етеді, зат алмасуды, қан айналысының, тыныс алуын жақсы болуына, яғни организмнің тіршілік әрекетінің артуына көмектеседі. Қимылды ойындар баланың нервтік, психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды сапаларының қалыптасуына әсер етеді. Алысқа лақтыру; домалап келе жатқан допты ұстау, жердегі допты аяқпен тебу. Бір жарым жастаң - екі жасқа дейінгі балалардың қимылын жетілдіруді: Жүру, теге-тәндікті сақтау. Тез журуге жүгіруге көшу, қолын сермен, адымдып журу, көлемді жұмсақ ойыншықтарды көтеріп журу қолымен құшақтан ұстап журу. Жас үрпақты жан - жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дene тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, согұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мұсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіцируіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кеменгер ақыны, үлтynың бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дene тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қараша болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты.

Сау жан - сау денеде ғана болады» — деген. Сондықтан да бұлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу - балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дene құрылышының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Сонымен қатар балабақшада ата - аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын - сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан - жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шынықсан шымыр боласың», «Көңілді достар», «Кім жылдам?» деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіледі.

Ойын бала миын қалай дамытады?

Ойын баланың миын дамытуға қаншалықты пайдалы екенін білесіз бе? Тығылмашақ және алақай-алақай сияқты қарапайым ойындар дамып келе жатқан сәбілердің миында миллиондаған байланыс орнатады! Сол себептен кішкентайлар оларды қайта-қайта ойнаудан шаршамайды!

Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүргуге, өлең жолдарын қайталап айтуга үрету.
Қатар - қатар тұрайық,
Кәне, кәне, сұрайық,
Кімнің болса бойы ұзын
Паравозы пойыздың
Кімнің, апай, бойы ұзын
Паравозы ол пойыздың?
Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала
Паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның
Артынан ұстап тұра бастайды.
Ал, паравоз баста алға,
Бәрімізді басқар да!
Пш - пш, пш - пш!- біз кеттік
Жүрісті біз гuletіп
Жүрісті біз гuletіп
Гу - гу, гу - гу, гуілдеп
Қалып қойма бірінде
Пш - пш, пш - пш!- біз кеттік жүрісті біз үдettік.

«Ұшты - ұшты»

Мақсаты: Нениң ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.
Ойынның мазмұны: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауга болады. Ойынға қатысуышыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады.
Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы
Ойынды былай жүргізеді.
Ұшты - ұшты сұңқар ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты қарға ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты арба ұшты
(қол көтермейді)
Ұшты - ұшты дауыл-ұшты
(қол көтермейді)
Ұшты - ұшты ұшақ ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты торғай ұшты
(қол көтереді)
Ұшты - ұшты жылан ұшты
(қол көтермейді)
Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді.

«Ақ қоян»

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.
Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.
Ақ қоян - ау, ақ
Орныңнан тұрсаңшы
Шашыңды тарасаңшы
Бетінді жусаңшы
Әй - әй көйлек кисеңші.

Біреудің қолын үзсөңші -

Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қымылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.

«Күн мен тұн»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

Ойын мазмұны: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Тұн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір – бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады.

«Қызы куу».

Ойын шарты: Балалар арасынан бір ербала, бір қыз бала шығады екуіде ағаш атқа мінеді. Бала ағаш атпен қызың артынан қуады. Бала қызға жетіп қолын ұстаса ол женіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол женіске жетеді.

Ылайша алма – кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаган команда женіске жетеді.

«Допты домалату»

Ойынның шарты: Екі топтың балалары допты кегли арасынан оң қолмен домалату қай топ бірінші келсе сол топ женіске жетеді.



«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай -бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық қесіпорны

Анықтама

Тақырыбы: «Үй-жайларда кимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды үйымдастыру»
Әдісі: кенес беру, ашық көрсетілім

Мақсаты: Балаларды спорттық, кимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықтарын арттыру. Дене сапаларын күш, жылдамдық, ептілік, икемділікті қалыптастыру. Салауатты өмір салтын ұстаяуға тәрбиелеу.

Қатысқандар: консультативтік пунктпен қамтылған ата-аналар
Барысы:

Ойын мектепке дейінгі балалар үшін қызықты шаруа бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Ойында басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды. Ойынды ақыл-ой адамгершілік, эстетикалық және дene тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын бала үшін нағыз өмір.

Кимылды ойындар алдымен балаға дene тәрбиесін беру құралы. Олар балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелуе, лақтыру, қағып алу т.б. жаттықтыру, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Алуан түрлі қимылдар ірі және майдада бұлшық еттердің белсенді әрекеттенуін талап етеді, зат алмасуды, қан айналысының, тыныс аудудың жақсы болуына, яғни организмнің тіршілік әрекетінің артуына көмектеседі. Қимылды ойындар баланың нервтік, психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды сапаларының қалыптасуына әсер етеді. Алысқа лақтыру; домалап келе жатқан допты ұстай, жердегі допты аяқпен тебу.

Жас үрпақты жан – жақты дамыған, ой – өрісі биік, тұлғасы сымбатты азamat етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дene тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны негұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Сау жан – сау денеде ғана болады» — деген. Сондықтан да бұлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширак, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндеттінің бірі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дene құрылышының дұрыс жетілуі мекін жасына дейінгі кезеңде қалыптасады.

Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Сонымен қатар балабақшада ата – аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, езін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді.

Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада

«Шынықсан шымыр боласың»,

«Көңілді достар»,

«Кім жылдам?» деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіліп тұрады.

Корытынды: тақырып аясында ата-аналарда өз ойларын білдірді.

Дене шынықтыру жетекшісі: Секербекова Ж 